

Үндістан мен Түркияның білім беру жүйесі

Орындаған: Тұрғынова М.
Рахматулла М.
Сулеймен А.
Ә.п. және ө.ө.т, I курс, I топ
Қабылдаған: Елбаева З.

Үндістанның білім беру жүйесі

Үндістанның білім беру жүйесі тәуелсіздік алған тұстан бастап даму үстінде. Мұны келесі көрсеткіштерден көруге болады:

- соңғы он жылдықта сауатсыз халық үлесі 31,9 млн. адамға азайған.
- Қазіргі кездегі сауатты халық 562,01 млн. адам, олардың 75% ерлер болса, 25% әйел адамдар болып табылады.



Мектеп жүйесі



Мемлекеттік

Балаларға арналған льготалар бөлінеді, ол тегін кітап-дәптер, оқу құралдары түрінде болады.

жекеменшік

Мектепке қабылдану 4 жастан басталады. Аптасына 6 күн оқу процесі жүреді, күніне 6-8 сабақтан болады. Негізінен игерілетін пәндер: хинди, ағылшын тілі, математика, информатика, тарих, география, жаратылыстану ғылымдары (химия, физика, биология). Қыстық және жаздық демалыс уақыты бөлінеді. Жазғы демалыс мамыр - маусым айы аралығында. Ал шілденің 1 сабақ басталады.

Қыстық демалыста 10 күн демалуға беріледі.



Мектеп бағдарламасында негізгі спорттық пәндерден басқа шахмат, шарадам және ораторлық сайыстарды ұйымдастыруға көп көңіл бөлінеді. Бұл ойындар балалардың логикалық дамуын жетілдіреді.

Мектепті аяқтау сынақ тапсырумен қортындыланады. Сынақ нәтижесі бойынша жоғарғы оқу орнына қабылдау жүзеге асады.

Сабақ барысында үнді тілі, ағылшын тілі, хинди тілі қолданылады.

Үнді елінің білім жүйесінің

ұзақтығы мен сапасының жоғарылығының арқасында Үндістан дүниежүзі бойынша IT-технологиялары мен ғарыштық технологиялардың даму дәрежесі бойынша алдыңғы орындарда.

Бейресми білім беру

Білім беру жүйесінің ерекшелігі:

- 9-14 жас аралығында білім алуға жағдайы болмаған немесе белгілі бір себептермен білімнен қол үзіп қалған балалар үшін бейресми орталықтар құрылған.
- 1982-83 жылдары мұндай орталықтар 68 мыңнан астам болды. Оларда оқытындар саны 1,5 млн. адамды құрады.
- Мад-хья-Прадеш және Уттар- Прадеш штаттарында бейресми орталықтарда негізінен 6-8 сынып оқушылары оқиды; басқа штаттарда орталықтардың 90% және оқушылардың 92% — 1-4 сыныпта оқытындар .

Білім беру жүйесінің сатылары:

Мектепке дейінгі білім беру жүйесі

Мектепке дейінгі тәрбие ісі айтарлықтай дамымаған. Балалардың басым бөлігі балабақшаларға бармайды. Оқу процесі маусым айынан басталады. Балабақша топтары:

- Play group немесе «ойынға негізделген топтар» — дүниені тану, санауды, әріптерді үйрену ойын арқылы жүзеге асады.
- Nursery немесе «ясли топтар»
- LKG (Lower Kinder Garten) – жоғарғы топтар. Мұнда 3-4 жас аралығындағы балалар тәрбиеленеді.
- UKG (Upper Kinder Garten) – мектепке дайындық топтары. 4-5 жастағы балаларды мектепке даярлайды. Ұлттық әндер, ертегілер жаттатады.

Жалпы білім беру

Төменгі сыныптар- 1-4
сыныптар қамтылады.

Жоғарғы сыныптар- 6-8
сыныптар қамтылған.

Ек і жылдық орта
мектеп- 9-10
сыныптар.

Арнайы орта
мектептер- 11-12
сыныптар. Жоғарғы
оқу орнына
түсушілер білім
алады.

Жоғарғы білім беру жүйесі

Кәсіптік білім беру

Оқушылар негізгі міндетті білімді алғаннан кейін таңдауы бойынша кәсіптік колледждерде білім алуын жалғастыра алады. Кәсіптік колледждерді бітірген білімгерлерге орта кәсіптік диплом беріледі.

Сондай-ақ, қолөнерлік мектептер бар. Оларда тігінші, механик, аспаз сынды мамандықтар игеріледі.

Жоғарғы оқу орындары

- Универлер жүйесі 3 сатылы:
бакалавр - Undergraduate деңгейі, мамандыққа байланысты оқу процесі 3-5 жыл аралығын қамтиды. Ауыл шаруашылығы, стоматология, ветеринария 4 жыл, архитектура мен медицина 5 және одан да көп жылды қажет етеді.
 - магистратура –аспирант деңгейі, оқу ұзақтығы 2 жыл
 - докторантура - Pre- докторлық деңгей

- Жоғары оқу жүйесіне 178 университет және 39 өзін университет санайтын оқу мекемелері, ұлттық сипаттағы 11 оқу мекемесі, 119 жекеменшік университет, 65 зерттеу орталығы, 6759 ортақ профильді колледж және 1770 кәсіби білім беретін колледждер жатады.
- Жоғарғы оқу орнына түсу үшін қабылдану сынағын тапсыру керек емес. Мектепті бітіру барысында тапсырылатын сынақ нәтижесі есепке алынады.



Университеттер жалпы саны 221.

Ең ірі университеттер:

Калькуттық (150 мың студент), Бомбей университеті (150 мың), Раджастхан унив. (150 мың), Дели унив. (130 мың), М.К. Ганди атындағы университет (150 мың студент).

Үндістан

университеттерінде 6,5 млн. студент, яғни 17-23 жас арлығындағы жастардың 5-6 % оқиды.

- Дәстүрлі университеттермен қатар, Үндістанда Висва Бхарати, Индира Кала Сангитх сынды тек үнді музыкасын үйретуді қарастыратын; Калькуттадағы Рабиндра Бхарати университеті бенгал тілін үйрететін және Бомбейдегі әйелдер университеттері бар.
- Соңғы онжылдықта техникалық мамандықтар қарқынды дамуда. Техникалық институттар Мумбаида, Делида, Канпурда, Кхарагпурда, Ченнаи және Гувахати қалаларында орналасқан.
- Басқару ісі бойынша мамандар даярлайтын университеттер Ахмадабадта, Калькуттада, Бангалорда, Лакхнауда, Индорада и Каликутеде бар.

Білім- ғылым саласындағы жетістіктер

- Әлемдік Экономикалық Форумда жарияланған мәліметтер бойынша, 2010-2011 жылы Global Competitiveness Report бәсекелестіктің әлемдік рейтингісі бойынша 139 елдің ішінде Үндістан 51-орында (Ресей – 63-орында).
- "инновация және білім мен экономиканың дамуы" жөнінде ол 42 орынды алады (Ресей болса 80-орында).
- Экономикалық Қызметтестік пен Даму Ұйымының рейтингісі негізінде инновациялық сектор көлемінен Үндістан әлем бойынша 8 орынды алады. 1995 жылдан бастап инвестиция көлемі жылына 8% өсті. 2004 жылы олардың сомасы 24 миллиард доллар болды. Көптеген жаңа зерттеулер Үндістанды инновациялық салаға салым салу үшін ең қолайлы жер болып табылады дегенді көрсетеді.
- Сонымен бірге инновациялық көрсеткіш салаларының бірі - ғылыми жариялаудың саны төмендеуде. 1995-2005 жылы Үндістан 13-орынды иеленген болатын. Ал 1980 жылы Үндістанда жарияланатын мақалалар саны 15 мың болса, 2000 жылы 12 мыңға дейін төмендеді.

ҚЫЗЫҚТЫ МӘЛІМЕТТЕР

- Әлемдегі алғашқы университет Такшашилада біздің заманымызға дейінгі 700 жылы пайда болған. 10,500 астам әлемнің әр елінің студенттері 60 пәнді меңгерді . Біздің ғасырымызға дейінгі 4 ғасырда салынған Наланды университеті Үндістанның білім беру саласындағы үлкен жетістіктерінің бірі болып саналады.
- Аюрведа ең алғашқы медицина мектебі. Медицина атасы Чарака 2500 жыл бұрын негізін салған;
- Алгебра, тригонометрия негіздері бізге Үндістаннан келген.
- Стратегиялық шахмат ойыны Үндістанда дамыған.



Түркияның білім беру жүйесі

- Түркияның білім беру жүйесі білім- ғылым министрлігінің жіті қадағалауында болады. Білім беру мемлекет тарапынан қаржыландырылып отырады. Білім бағдарламалары, жоспарлары, оқу құралдары министрлік тарапынан белгіленеді.
- Жалпы ішкі өнімнің 10% білім беруге жұмсалады.
- Білім беру жүйесі:

ресми

Мектепке дейінгі, бастауыш,
орта, жоғарғы білім беру

бейресми

министрлікпен
қаржыланды-
рылатын б.б.ж

Оқу процесі

- Қыркүйек айының ортасынан немесе қазан айының басынан басталып маусым айының соңына дейін жалғасады.
- Аптасына 5 күн оқу процесі жүргізіледі.
- Негізінен таңнан түске дейінгі бір ауысыммен оқытылады, тек оқушы тым көп әрі орын жеттіспейтін мектептерде екі ауысым болады.
- Оқу процесі барысында қысқы демалыс беріледі. Демалыс 2 аптаны қамтиды және бұл демалыс ақпан айында болады.

Мектепке дейінгі білім беру

- Мектепке дейінгі білім беру 1 жас пен 6 жас аралығындағы балаларды қамтиды.
- Білім берудің бұл кезеңі жалпы білім беру үрдісіне дайындық болып табылады.
- Міндетті емес, ақылы.
- Мемлекеттік мекемелер көп емес, негізнен жекеменшік балабақшалар. Олардың басым бөлігі қалалық жерлерде орналасқан, жұмыс істейтін аналардың санының артуына байланысты.

Бастауыш білім беру

Мектепке дейінгі білімнен кейін 4 жылдық 6 жасқа толған балаларға міндетті бастауыш білім беру жалғасады.

Мектеп типтері:

- Мемлекеттік- білім алу тегін.
- Жекеменшін- ақылы оқыту. Ерекшелігі оқушылар сан, білім бағдарламаларының ауқымының кеңдігі.
- Аймақтық
- Арнайы

Бастауыш мектептерде арнайы мектеп формалары сақталады.

Жыл соңында білім берудің белгілі бір стандартына жете алмаған оқушылар жыл бойы өтілген бағдарламаларды қайталайды.

Орта білім беру

- Орта білім алу 10-18 жас аралығы.
 - 2 сатылы:
 - 3 жылдық мектеп -10-14 жас
 - Лицейлер -4 жыл аралығын қамтиды, 14-18 жастар аралығы. Лицейлер жалпы білім беретін, кәсіптік білім беретін, ғылыми білім беретін, қоғамдық ғылымдар мен техникалық лицейлер болады. Лицейді аяқтағаннан кейін диплом беріледі, дипломды ала отырып оқушы ЖОО-на қабылдану сынағын тапсыру арқылы оқуын жалғастыра алады. Лицейдің соңғы 2 жылы – гуманитарлық және жаратылыстану бағыттары бойынша жіктеледі.
 - Негізгі орта мектептен басқа
- Кешкілік мектептер- жұмысшылардың бастауыш, орта білімін жалғастыруына мүмкіндік беретін мектептер. Олар орта мектептер жанынан құрылады. Аяқтау барысында ЖОО-на түсуге мүмкіндік пайда болады.
- Арнайы мектептер – жағдайы төмен отбасы балалары оқуды тегін түрде жалғастыра алады.

- Негізгі игерілетін пәндер:
Түрік тілі және түрік әдебиеті;
Математика;
Қоғамдық ғылымдар;
Азамат және адам құқығы;
Түрік республикасы тарихы және
Ататүрік реформалары;
Шет тілі- ағылшын, француз, неміс
тілдері;
Дін және әдеп;
Дене шынықтыру сабақтары;
Ұл балалар үшін әскери дайындық
Қыз балалар үшін үй шаруашылығы;
Алғашқы көмек көрсету және т.б.



- Орта білімді қорытындылау 12 сыныпты бітіргеннен кейін тапсырылатын бірыңғай тестілеу нәтижесі бойынша жүргізіледі және осы сынақ қортындысы ЖОО-на түсуде маңызды. Сынақты ЖОО-да оқығысы келген кез келген жастағы азамат тапсыра алады.
- Сынақ тапсырылатын пәндер : жаратылыстану ғылымдары- математика, қоғамдық ғылымдар, түрік тілі – математика, шет тілі.
- Сынақ екі бөлімнен тұрады.
- 1- бөлім. Жалпы білімді тексеру, кемінде 40 балл жинау шарт.
- 2- бөлім. Түрік тілінен.

- 3 сатылы білім беру жүйесі қолданылады:

Балавр- оқу мерзімі 4 жыл, кейбір мамандықтарға сәйкес өзгереді (тіс емдеу, мал дәрігерлік іс -5 жыл; медицина- 6 жыл)

Магистратура- 2 жыл

Доторантура- 3 жыл.

- ЖОО-ға 3,5 миллион студент мемлекеттік 102 және 52 Түркияның жоғарғы оқу кеңесімен мақұлданған жекеменшік университеттерінде білім алады.
- Университеттерде оқыту тілі негізінен түрік тілі, ал ағылшын тілі көбіне жекеменшік университеттерде қолданылады.

- Оқу процесі 2 семестрде жүреді, 1-семестр – қазан- ақпан; 2- семестр – қаңтар- маусым.
- Түркияда білім алу аса қымбат емес—\$1000 - \$3000 мемлекеттік ЖОО, \$5000 - \$12000 жекеменшік университеттерде.
- Түркия Болон келісіміне кірген елдер қатарында, ал көптеген Түркия университеттері Эрасмус хартиясының мүшелері және Еуропалық кредиттік жүйеге сүйенеді.
- Білім беру ақылы, мемлекет тарапынан бөлінетін гранттар да бар. Стипендияның 2 түрі бар:
- Үлгерімі жоғары студенттерге (150\$);
- Студент қалауы бойынша бөлінетін, оқу аяқталғаннан кейін қайтарылатын стипендия(150\$).
- Түркия ЖОО дипломдары Еуропа елдері мен АҚШ-та жақсы бағаланады.
- Беделді оқу орындары: Анкарадағы Таяушығыс Техникалық Университеті. Стамбулдағы Сабаншы және Кеч университеттері және т.б.

